



**«SKILLS ACADEMY» ЖШС**

050060, Алматы қ-сы, Алмалы ауд-ы,  
Абай даңғылы 143/93  
Тел: +7 700 978 59 22; +7 775 998 83 87  
e-mail: gastest.kz@mail.ru

**ТОО «SKILLS ACADEMY»**

050060, г. Алматы, Алмалинский р-н,  
проспект Абая 143/93  
Тел: +7 700 978 59 22; +7 775 998 83 87  
e-mail: gastest.kz@mail.ru

**Шығыс № 124**  
**09.02.2026 жыл**

**Облыстық, аудандық, қалалық білім  
басқармаларына, жалпы білім беретін  
мекемелер басшыларына  
Республикалық білім беру ұйымдарына**

Үздік қазақ тілді білім сайты – Qaztest.kz онлайн олимпиада ұйымдастыру комитеті қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ҒА корреспондент-мүшесі Ермұхан Бекмаханұлының өмірі мен ғылыми мұрасын насихаттау мақсатында жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында **Қазақстан тарихы пәнінен дәстүрлі VIII Республикалық қашықтық олимпиадасын** (бұдан әрі Олимпиада) өткізеді.

Олимпиадаға 5–11 сынып оқушылары қатыса алады. Олимпиада тапсырмалары Е. Бекмаханұлының өмірі мен ғылыми мұрасы және Қазақстан тарихы пәні бойынша беріледі.

Олимпиада **qaztest.kz** сайтында өтеді.

*Олимпиада бір кезеңнен ұйымдастырылады.* Олимпиада 2026 жылдың **16 ақпан мен 16 наурыз** аралығында өткізіледі. Қорытындысы **18 наурызда** жарияланады.

Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне I, II, III дәрежелі дипломдар, Үздік ұжымдарға арнайы плакетка беріледі. Республика бойынша ең жоғары ұпай алған қатысушылар **Е. Бекмаханұлы атындағы «Жас тарихшы»** төсбелгісімен және 24–25 ұпай алған қатысушылар «Жас тарихшы» дипломымен марапатталады.


Олимпиада туралы толық ақпаратты +7 700 978 59 22; +7 775 998 83 87 телефондары арқылы білуіңізге болады.

Олимпиада ұйымдастыру  
комитетінің төрайымы



С. Төлегенова

Орындаушы: А. Сабирова  
+7 775 998 83 87



**Е. Бекмаханұлы атындағы дәстүрлі VIII Республикалық  
Қазақстан тарихы пәнінен қашықтық олимпиадасының  
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ереже**

1.1. Qaztest.kz қашықтық олимпиадасының осы Ережесі (әрі қарай – Ереже) олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды (әрі қарай – Қашықтық олимпиада);

1.2. Қашықтық олимпиада жайлы мәліметтер және қорытынды нәтиже [qaztest.kz](http://qaztest.kz) сайтында жарияланады;

1.3. Олимпиада [qaztest.kz](http://qaztest.kz) сайтында 2025 жылдың 16 ақпан мен 16 наурыз аралығында онлайн өткізіледі;

1.4. Олимпиадаға 5–11 сынып оқушылары қатыса алады;

1.5. Олимпиада тапсырмалары Е.Бекмаханұлының өмірі мен ғылыми мұрасы және Қазақстан тарихы пәні бойынша беріледі;

1.6. Қашықтық олимпиадаға қатысу – ақылы, ерікті негізде жүзеге асырылады.

1.7. Олимпиада марапаттарын үшінші тараптың қатысуымен бейресми негізде заңсыз алу жарамсыз боп танылады. [qaztest.kz](http://qaztest.kz) сайтындағы «Марапаттарды тексеру» батырмасы арқылы әрбір қатысушы өзінің марапаттарын тексере алады.

**2. Республикалық олимпиаданың мақсаты мен міндеттері:**

2.1. Қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымдарының докторы, профессор Ермұхан Бекмаханұлының өмірі мен ғылыми мұрасын насихаттау;

2.2. Күрделі деңгейлі тапсырмаларды өздігінен орындау арқылы оқушылардың коммуникативті-ақпараттық дағдыларын дамыту;

2.3. Оқушыларды патриотизмге баулу және еліміздің тарихы мен ұлттық мәдениетіне деген құрметті дәріптеу;

2.4. Республикамыздағы үздік жас тарихшыларды анықтау, оларға қолдау көрсету және марапаттау.

**3. Республикалық олимпиаданы өткізілуі мен тәртібі:**

3.1. Олимпиада бір кезеңнен, барлығы 25 тест тапсырмасынан тұрады.

3.2. Әрбір тапсырманың бір ғана дұрыс жауабы бар және тест нұсқалары екінші рет қайталанбайды;

3.3. Қатысушы ең көбі 3 рет тест тапсыра алады. Ең жоғарғы нәтижесі есепке алынады;

3.4. Тестілеуден өту үшін қатысушыға 50 минут уақыт беріледі. Уақыт біткеннен кейін автоматты түрде тестілеу аяқталады және нәтиже экран бетіне шығарылады;

3.5. Олимпиадаға төлем жасағаннан кейін ғана қатысу мүмкіндігі ашылады;

3.6. Қатысушылардың марапаттары автоматты түрде электронды почтасына жіберіледі және жеке кабинетіндегі «Сертификат–Диплом» бөлімінде сақталады.

**4. Олимпиада қатысушыларына қойылатын талаптар:**

4.1. Қатысушы ешкімнің көмегінсіз тапсырмаларды өзі орындауы тиіс;

4.2. Қатысушының атынан өзге біреудің қатысқандығы құрылғының IP адресі арқылы анықталады. Расталған жағдайда қатысушының нәтижесі толықтай жойылады;

4.3. Олимпиада барысында кері батырмасын басуға және басқа бетке ауысуға болмайды;

4.4. Тестілеу парақшасын жауып алған жағдайда тестілеуге берілген уақыт ішінде «Менің нәтижелерім» бөлімінде «тестті жалғастыру» батырмасын басу арқылы қайта жалғастыру мүмкіндігі қарастырылған;

- 4.5. Уақытында енгізілмеген тапсырмалар үшін төлемдер қайтарылмайды;  
 4.6. Берілген сұрақтарды белгілемей алдыға және кейін шегінуге болмайды;  
 4.7. Тестке қатысу жеке немесе координатордың ұйымдастыруымен жүзеге асады;  
 4.8. Координатор өзінің жеке парақшасы арқылы бір немесе бірнеше адамды қатыстыра алады (бір ұжымнан ғана қатыстыруы тиіс);  
 4.9. Тест нәтижелері қайта қарауға жатпайды және апелляциялық комиссия құрылмайды;  
 4.10. Олимпиадаға байланысты сұрақтар [gaztest.kz@mail.ru](mailto:gaztest.kz@mail.ru) почтасына қабылданады.

### ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСТЫ ҚОСЫМША АҚПАРАТТАР

**Олимпиадаға қатысу бағасы:** бір реттік тест – 600 теңге, екі реттік мүмкіндік – 1000 теңге. Толық ақпарат сайтта жаңалықтар бөлімінде жарияланады.

### ОЛИМПИАДАНЫҢ МАРАПАТТАУ РӘСІМІ

Олимпиада қорытындысы бойынша 17 ұпайдан жоғары жинаған қатысушыларға I, II, III дәрежелі дипломдар тағайындалады.

#### Орын ұпайлары:

I орын – 23–25 ұпай

II орын – 20–22 ұпай

III орын – 17–19 ұпай

Қатысушылардың марапаттары олимпиада барысында жеке парақшасында сақталады және электронды түрде почтасына жіберіледі.

Олимпиада қорытындысы бойынша республика бойынша ең жоғары ұпай алған қатысушылар **Ермұхан Бекмаханұлы атындағы «Жас тарихшы»** төсбелгісімен (бір ұжымнан 3 қатысушы ғана енгізіледі) және 24–25 ұпай алған қатысушылар «**Жас тарихшы»** дипломымен марапатталады. Қорытынды нәтиже, яғни төсбелгі иегерлері сайтта 2026 жылы **18 наурызда** жарияланады.

**Ескерту!** Қатысушылардың жинаған ұпайы тең болған жағдайда тесттен өткен уақыты есепке алынады. Қатысушылардың нәтижесі IP адресі арқылы тексеріліп, басқа адам өткізгені анықталса, нәтиже жойылады. Ұйымдастырушылар комитеті тест нәтижесі бойынша қорытынды жариялайды.

Бір ұжымнан 40 қатысушы қатысып, 20 жүлделі орын иеленген ұжымға «**Үздік ұжым»** плакеткасы беріледі. Сонымен қатар, бір ұжымнан 20-дан көп қатысушы қатыстырған координаторға алғыс хат беріледі. «**Үздік ұжым»** плакеткасына үміткерлер қатысушылардың тізімін [gaztest.kz@mail.ru](mailto:gaztest.kz@mail.ru) почтасына олимпиаданың соңғы күніне дейін жолдауы керек.

### «ҮЗДІК ҰЖЫМ» НОМИНАЦИЯСЫ ҮШІН ӨТІНІШ ҮЛГІСІ

Мектеп атауы, мекен-жайы, индексі және байланыс нөмірі			
Р/с	Қатысушылардың аты-жөні	Сайтқа тіркелген почтасы (қатесіз болуы міндетті)	Координатордың аты-жөні, телефоны
1.			

**Ескерту!** «Үздік ұжым» плакеткасы мен координаторға берілетін алғыс хат үшін өтініш хаты жіберілмеген жағдайда марапаттар жіберілмейді.

## ТӨЛЕМ ЖАСАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Төлемдер Kaspi.kz қосымшасы (Платежи – qaztest.kz), QIWI терминалдары арқылы (Білім беру қызметтері → qaztest.kz → e-mail немесе ID нөмір) және кез келген банк картасымен интернет банкинг арқылы онлайн жүзеге асырылады. Төлем жасағаннан кейін қатысушы парақшасына кіріп, «Сатып алу» батырмасын басу арқылы тестті сатып алады. Төлем жасау туралы түсіндірме сайттың «**Бейне нұсқау**» бөлімінде көрсетілген.

Егер қатысушылар саны көп болса, барлық қатысушыларды бір жауапты маман «**Координатор**» болып, барлығын жеке парақшасында тіркеп, ұйымдастыра алады. Толық нұсқаулық «**Видеонұсқау**» бөлімінде көрсетілген.

Жұмыс уақытында онлайн чатқа және [qaztest.kz@mail.ru](mailto:qaztest.kz@mail.ru) почтасына хат жазу арқылы жылдам жауап аласыз.

**Жұмыс уақыты:** таңертеңгі 9:00-ден 18:00-ге дейін. Түскі үзіліс 13:00-ден 14:00-ге дейін.

*Түскі үзіліс уақытында және жұмыс уақыты аяқталған соң телефонға және эл.почтаға жауап берілмейді.*

**Қосымша ақпарат алу телефоны:** +7 700 978 59 22, +7 775 998 83 87.